

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шубарсу ауылы

ЖШС «Кәусар Әли» обекжөнөм ақынының
Мендерушісі



Хаттама пед № 1 кеңес

Педагогикалық кеңес отырысы
26 тамыз 2023жыл

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы
балабақша қызметінің негізгі бағыттары»**

2023-2024жок

Хаттама № 1

Педагогикалық кеңес отырысы
26 тамыз 2023жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Қатысқандар:25

Менгеруші: М.Т.Тореева

Әдіскер : К.Ж.Базарбекова

Төрайымы: М.Т.Тореева

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің тәрағасы және хатшысын сайлау.
2. «Кәусар Әли» бөбекжай бақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту
3. Ұйымдастырылған іс әрекет кестесін, күн тәртібін бекіту.
4. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. Педагог стандартымен таныстыру

1 ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша менгерушісі М.Т.Тореева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Ескендирова Н сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: К.Ж.Базарбекова

Әдіскер К.Ж.Базарбекова 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отыргандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды.

2 ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі М.Т.Тореева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен,

балабақшаның жұмыс багыты, мақсат, міндегі таныстырып өтті. 2023-2024 оку жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік күндылықтарын танып, біліп, менгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы коршаган ортага деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сактау және денсаулығын ныгайту, толыққанды дene бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауга үйрету.
- Құнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында коршаган орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндегі алынды.

3 ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскер К.Ж.Базарбекова сөз алды.Мектепке дейінгі білім беру үйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны үйымдастыру үсінілады . Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауды, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін. олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орталықтар үйымдастыру және соған сәйкес күн тәртібін,үйымдастырылған іс әрекет кестесін құру.

Әдіскер К.Ж.Базарбекова дайындаған күн тәртібі мен іс әрекет кестесі талқыланып,бір ауыздан мақұлданды.

4 ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі М.Т.Тореева сөз алды. Былтырғы жылға қараганда биыл жаңартылған бағдарламаға сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта жасалған. Алайда әлдеде жаңа оку жылына дайындықты қажет ететін топтар бар.

5 ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі М.Т.Тореева сөз алды.

"Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Казакстан Республикасы Оку-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді.

Менгеруші М.Т.Тореева педагог стандарты жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші Б.Намозбаева

Өз жұмысымызды жақсы көріп атқарамыз. Мамандығымызға адалмын.

2.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші Н.Ескендирова

Мамандығымызды қайта даярлаудан өткізіп,сол бойынша жұмыс жасап жатырмын. Менің мамандығым гажап.

Менгеришіci М.Т.Тореева: Стандарт педагогті даярлаудың, біліктілігін арттырудың және үздіксіз кәсіптік оқыту мүмкіндіктерінде білім беру бағдарламаларының негізін, қызметтің басқа салаларындағы мамандарды қайта даярлаудагы басымдықтарды айқындайды, педагогті оқыту және білім беру/тәрбиелеу тәжірибесін, қогамның сенімі мен құрметін, педагогтің кәсіби ададығын қолдауга, кәсіби қогамдастықта білім беру/оқыту және тәрбиелеуде педагогтің көшбасшылығын дамытуға ықпал етеді,-деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

- 1.2023-2024 оку жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жаупты К.Ж.Базарбекова. Орындалу мерзімі оку жылы барысында.
- 2.Жас топтарына сәйкес құрылған оку жоспары, күн тәртібі, оку қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оку қызметі бекітілген оку жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жаупты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оку жылы барысында.

Педагогикалық кеңес тәрайымы

Хатшы

Т.Тореева

Аскендирова. Н



Хаттама № 2

Педагогикалық кеңес отырысы

20 қазан 2023жыл

Тақырыбы: «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту».

Катысқандар:26

Менгеруші: М.Т.Тореева

Әдіскер : К.Ж.Базарбекова

Төрайымы: М.Т.Тореева

Күн тәртібі:

1. « Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (шыгармашылық есеп беру)
2. «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен болісу)
- 3.Корме: «Балабақшадагы денсаулық сақтау технологиясы»

I ТЫНДАЛДЫ:

Менгеруші М.Т.Тореева бірінші мәселе бойынша сөз алды. Балалардың физикалық дамуы бағдарламада көрсетілген .

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаның мазмұны: Дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыруға;

Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сейлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардагы қарым-қатынас дағдыларын менгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

Тәрбиеленушілердің қоршаган әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын менгертуге;

Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаган әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шыгармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

Тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларга, когам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабактастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

Бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортанғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын мәңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға:

ненің "дұрыс" және ненің "бұрыс" екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызыгуышылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлыш ережелері мен салауатты әдептерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қымыл ойындарын ойнауды;

озі ойнауды;

есресектерге көмектесуге, енбеккорлыққа;

ата-анасына, достарына, тұған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен камқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;

өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Осы бағдарламаның мазмұнына сәйкес тәрбиешілер есебі тындалды.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші З.Карабекова

Ересек топтарда « Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» барысында іс әрекет және серуен кезінде ойын түрлерін ұйымдастырудық. Ойын арқылы балалардың бір-бірімен, үлкендермен қарым-қатынасын, сөздік қорын молайтып, әңгімелегуі жақсарды. Әліде даму үстінде жасалатын жұмыс көп.

2.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші Р.Ахметова

Балалардың физикалық дамуы барысында орта топта әуелі отырып, тұруды, қатарды, түбекке отыруды, достарын құрметтеуді үйретудеміз. Ілгерілеу бар.

3.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші М.Куракбаева

Мектепалды даярлық топтарда мектепке даярлау барысында қоршаган әлемді, ата-анасына, достарына, жануарларға, тұған өлкесіне деген сүйіспеншілікті, қамқорлықты менгеру барысында тер төгудеміз.

2 ТЫНДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша бөбекжай бақша медбикесі Э.Сулейменова сөз алды. Тұскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді. Тұскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасы оның дене бітіміне жайлыштық және психологиялық жағымды әсер береді. Ұйқыдан ояну кезі келгенде ақырын, ыргакты әуен қоямыз, оянуың міндепті шарттарын сақтай отырып баланың оянуына мүмкіндік береміз – бастапқы күйде – арқасынан жатады, қолы менесінің бойымен ұзыннан созылып, денені еркін ұстап, тыныштықта болады. Гимнастика кешені тұракты. Ай барысында әуен ауыстырылмайды, ал жаттығулар ойын түрінде жүргізіледі, жаттығуларды 1 - 2 айдан кейін ауыстырып отырамыз. Тұскі ұйқыдан әрбір бала жеке оятылады. Біздің топта ұқсастықтары бойынша ен жenіл, қарапайым жаттығулар жүргізіледі.

Тәрбиеші балаларды көтеріңкі көңіл-күймен ояту керек. Өйткені ұйқыдан оянған баланың бірінші көретіні - ол құлімдеген жылды жүзді адам.

Ұйқыдан ояту шараларын баланың жас ерекшелігіне сай 7 минуттан бастап 15

минутка дейін жүргізуге болады. Ал ересек топ балалары үшін 20 минутка дейін созылуы мүмкін.

Үйқыдан кейінгі сергіту жаттыгуларының түрлері:

1. Тосек үсті жаттыгулар мен өзін - өзі массаж
2. Ойын түріндегі массаждар
3. Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттыгу жасау
4. Табанга арналған кілемшелер үстімен жүру
5. Шынықтыру - сауықтыру
6. Музыкалы - ыргақты жаттыгулар

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: тәрбиеші У.Бекмурзаева

Біз үшін баланың денсаулығы мен өмірі бірінші орында. Сол себептіде мен тобымда рига әдісін қолданамын. Әуелі нүктелі массаж жасатамын. Содан кейін қимылды жаттыгулар, ауыз қуысын тұзды не йодты сумен шаю, бүдірлі жолмен жүру.

2.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: тәрбиеші Д.Бердешова

Балаларды ояту барысында баяу музика қойып қоямын. Мен қимылды жаттыгудан бастаймын. Себебі менің тобым кіші болғансон олар өздеріне нүктелі массаж жасай алмайды. Ауыз қуысында шая алмайды. Қимылды жаттыгудан сон бірден бүдірлі жолмен жүреміз.

2 ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер К.Ж.Базарбекова сөз алды.

Балабақшада оқу - тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын - алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттыгуларды жалаң аяқ ұйымдастырган өте ұтымды болады.

Ертеңгілік жаттыгуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тыныс алу жаттыгулары

Жалпактабандылықтың алдын - алу жаттыгулары

Сымбатты түзету жаттыгулары

Созылу(стретчинг) жаттыгалары

Йога жаттыгулары

Козға ариалған жаттыгулар.

Осы жогарыда аталған жаттығуларды жасау үшін құралдар керек болады. Құралдарымызды түгелдеу мақсатында «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» атты көрме ұйымдастырылған болатынбыз. Көрме өз деңгейінде өтті. Көрмеге атсалысқан тәрбиешілерге алғысымызды білдіреміз.

ШЕШІМ:

1. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» барысында жасалған есептері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тұсі ұйқыдан кейінгі жаттығулар медбике Э.Сулайменова басшылығымен жасалсын.
3. «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» атты көрме өз деңгейінде жасалды. Ары қарай дамытылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы

А.Т.Тореева

Н.Ескендирова



Хаттама № 3

Педагогикалық кеңес отырысы

15 желтоқсан 2023 жыл

Такырыбы: «Инновациялық әдістер мен технологиялар».

Қатысқандар: 25

Менгеруші: М.Т. Тореева

Әдіскер: К.Ж. Базарбекова

Төрайымы: М.Т. Тореева

Күн тәртібі:

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы
2. «Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)
3. «Әдеби ертегі» ойын-викторинасы

І ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер К.Ж. Базарбекова сөз алды. Өткен апта балабақша ішінде топаралық зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеудің мақсаты тазалық, дамытушы орта, бала саны және тәрбиешінің құжаттарын тексеріп, бағыт бағдар беру.

Нәтижесінде топтар дамытушы ортамен жабдықталған, таза, балалардың қатысуы бір қалыпты. Тәрбиешінің құжаттары жүйелі жүргізілуде.

І ТЫНДАЛДЫ: Тәрбиеші Ж.Төрәлі

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауга дағылдандыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

1.СОЗ СӨЙЛЕГЕН: тәрбиеші Н.Ескендирова

Жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шыгармашылық ойлауды, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, кәсіпкерлікке баулу, өз бетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады.

«Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шыгармашылығы» (Л.Выготский)
Өз тәжірибеммен бөлісе кетейін. Іс әрекет бастамас бұрын балаларды қатты қызықтырамын. Түсіндірме жұмысын жасаймын. Тақырып аясында миға шабуыл жасау сұрақтарын қоямын. Бұл жерде балаларың дұрым және дұрыс емес жауаптары қабылдана береді. Ең бастысы баланың сөйлеуі. Белсенді жауап берген балаға сеніңкі дұрыс емес, ол былай болады десең келесі жолы ол бала жауап беруден қшады.

1.СОЗ СӨЙЛЕГЕН тәрбиеші Б.Намозбаева

Шакарім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Үрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз үрпақтың өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шыгармашылықпен оку - тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір үстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, үстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас үрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Қазіргі уақытта елімізде білім беру саласында түбебейлі өзгерістер орын алуда.

Мектепалды даярлық тобында бұл сынни ойлау күрделене түседі. Барлық бала жауап бермей бағаланбайды. Баланың ойлау қабілеті сөйлеу қабілетімен теңесу керек. Сол үшін балаға проблема туындастырып береміз, яғни проблемалық шыгарма әдісін қолданамыз.

2 ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж.Базарбекова

Баланың дамуына әсері мол әдіс Әдеби ертегі викторинасын қазір сіздермен бірге ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінеміз,-деді әдіскер. Викторина 1 «Қызықтыру» сайысы. 2 «Ертегіні тап» сайысы . 3 сайыс «Сурет бойынша ертегіні тап» .4 «Ертегі кейіпкерін тап» сайысы . 5 сайыс «Қатені түзет» деген бес бөлімнен тұрды. Ойыншылар белсене қатысты. Ойын барысында Шалқан, Бауырсақ, Үш аю, Маша мен аю, Қызыл телпек, Үш торай тағы сол сияқты ертегілер алынды.

ШЕШІМ:

1. Зерделеу қанагаттанарлық деп танылсын. Осы жұмысты толықтыруды өзіме қалдырамын.
2. Инновациялық жаңа технологиялар іс әрекет барысында қолданысы күшетілсін. Балалардың дамуы үшін жағдайлар жасалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



М.Т.Тореева

Ескендирова

Хаттама № 4

Педагогикалық кеңес отырысы

15 ақпан 2024жыл

Такырыбы: «Балалардың физикалық қасиеттерінің даму барысы».

Катысқандар: 26

Менгеруші: М.Т. Тореева

Әдіскер: К.Ж. Базарбекова

Төрайымы: М.Т. Тореева

Күн тәртібі:

1. Откен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.

2. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру

3. Балалардың ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дагдыларын дамыту деңгейі ересек топ

4. Балалардың дene шынықтыруда негізгі қимыл игеру деңгейі ортаңғы топ

5. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ересек, мектепалды топтары.)

І ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж. Базарбекова

Откен педагогикалық кеңес шешімі бойынша жұмыстар жүргізілуде. Иновациялық жана технологияларды оқу іс әрекетте қолданылуда. Бала дамуына аса мән берілуде.

1. СОЗ СӨЙЛЕГЕН тәрбиеші Б.Қабылова

Мен іс әрекет барысында дәстүрден тыс сурет салу яғни «триз» технологиясын қолданым. Балалар баспа өдісімен сурет салды. Балаларға қатты ұнады.

1. СОЗ СӨЙЛЕГЕН тәрбиеші М.Сапарбекова

Балалардың саусақ майда маторикасын дамыту барысында «Бадюк» әдісін, кляксография әдісін, үрлеу әдісін қолданым. Іс әрекет өте қызықты өтті.

2 ТЫНДАЛДЫ әдіскер К.Ж.Базарбекова

Мектепке дейінгі кезенде бала қоршаган ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызғушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып, қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысадар мен мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым – қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала-қоршаган ортаны қызғушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әректтерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға негұрлым жақын болып табылады.

Серуен –Мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудың режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын – алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті: Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру. Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру. Баланың қымыл-белсенділігін арттыру. Баланың танымдық көркемдік – эстетикалық әлеуметтік тұлғалық дамуына ықпал ету.

Серуен түрлері: 1. Балабақша аумағында

2. МДМ нің терриориясынан аулаққа жаяу серуен ересек топтар 2 км дейін. Баланың киіміне қойылатын талаптар. Баланың киімі жыл мезгіліне байланысты сай болу керек.

Серуеннің мазмұны:

1. Бақылау
2. Енбекке баулу
3. Қымыл белсенділігін арттыру қымылдық спорттық, ойындар мен жаттыгулар.
4. Бала мен жеке жұмыстар
5. Балалардың өзбетінше әрекеті

Жоғарыда атап өткендей, мектепке дейінгі мекемеде серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше. Серуеннің ұйымдастырылуын арнайы кесте арқылы талдау әдіскердің де тәрбиешінің де жұмысын жеңілдетеді. Тәрбиеші өзіне қандай талап, қойылып отырганын біледі, және серуенді жоспарлаганда жан-жакты ескеріп отырады.

1. Бақылауга келсек, мысалы, Қазір көктем мезгілі.

2. Тақырып: «Табиғат жайлы әңгімелесу»

Мақсаты: Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.

-Табиғат дегеніміз не?

Табиғат–жер , тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жан-жануарлардан тұратын коршаған орта.

Мақал-мәтеп: «Адамның табиғатсыз күні жеке,

Мұны айтуга табиғаттың тілі жеке»

Еңбек: Топ ауласын бұтактардан, қоқыстан тазалау.

Мақсаты:Балаларды тазалыққа бейімдеу, еңбекке баулу.

Балабақшада ойналатын балаларға арналған қимылды ойындар топтамасы.

Серуенді ұйымдастырудың төмендігей жағдайларға көзіл бөлу:

1. Жер үлескісінде ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау.
2. Серуенді балалардың денсаулығын нығайтудың ең маңызды құралы ретінде кеңінен қолдану
3. Балалардың киімі мен аяқ киімінің ауа-райына сай болуы
4. Балаларға жекелей ықпал ету
5. Балалардың қимыл қозғалысы әрекеттің тыныш әрекетпен іскер реттеуге алу
6. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау техникалық қауіпсіздіктің талаптарын сақтау
7. Серуенді өткізу деңгейін көтеруде
8. Серуенге бөлінетін уақытты азайтуды болдырмау
9. Серуеннің құрылышын сақтау
- 10.Баланың үнемі бос болмауын ұйымдастыру қажет.

3 ТЫНДАЛДЫ: ересек топ тәрбиешісі Д.Бердешова

Тілдің синтаксистік жагы байланыстырып сөйлеу және әңгімелесуге үйрету процесі арқылы жетіледі. Төл сөз кеңінен пайдаланылады, жай, жайылма, салалас сабактас құрмалас сөйлемдер көптеп кездеседі. Ойын, қойылым халық ертегілерімен : «Торғай мен қарлығаш», Тұлға мен ешкі», «Жыланның басы мен құйрығы» т.б. Жұмбақтар, мақал-мәтептер кеңінен пайдаланылады. Балалардың шығармашылығы, әңгіме құрастыру, кітапшалар жасау. Бастауышты сын есіммен байланыстыру, мысалы: сәби көңілді. Көңілді сөзін тагы қандай сөздермен байланыстыруға болады? Үлгігі қарап сөйлем құрастыру.

Балалардың байланыстырып сөйлеуі оку іс әрекет барысында, ойын кезінде, серуенде және күнделікті өмірде іске асады. Әдеби шығарманы қайталап айтып беру, суретке қарап әңгімелу, шығармашылық әңгіме, тіл дамыту іс әрекеттерінде қалыптасады. Естігенін әңгімелеп берудің басты мақсаты баланың көркем – бейнелі сөйлеуі. Әдебей көркем сөйлеу басты жетістік. Балалардың монологтық, диалогтық сөйлеу тілін дамыта отырып, ересектер сөздерін мәнері жеткізе білуге икемдейді.

Байланыстырып сөйлеуге үйретуде сөздік-тапсырмалар орындау, белгілі тақырып бойынша әңгіме құрастыру, өз қиялышан әңгіме, ертегі құрау, сурет бойынша әңгіме

кұрастыру керек. Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде ойын-жаттыгулар мен дидактикалық материалдар, сюжетті рольдік ойындардың маңызы зор. [4, 9]

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту кезінде лексикалық, грамматикалық жағын дамытуға арналған арнайы ұйымдастырылған жұмыс жүргізілуі тиіс. Себебі, сөздік қоры мен сөйлеу тілінің грамматикалық жағының жеткіліксіз дамуы, ауызша байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді,-деп сөзін аяқтады.

4 ТЫНДАЛДЫ: ортаңғы топ тәрбиешісі Ж.Карсыбаева

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қымыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертенгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қымылды ойындарға соның ішінде ұлттық қымылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қымылды әрекетін таңертен, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу үсынылады.

Міндеттері:

дене жаттыгуларын орындауга қызығушылықтарын ояту;

негізгі қымыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лактыру мен қагып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;

мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;

қымылдарды белсенді орындауды дамыту және қымылдарды үйлестіру, дене жаттыгуларына қызығушылыққа баулу;

денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшандықты дамыту;

құрдастарымен қымылды ойындарды бірге ойнауга, өзара он қарым-қатынас жасауга баулу;

спортық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

5 ТЫНДАЛДЫ: ортаңғы топ тәрбиешісі 3.Карабекова

Режимдік сэттер:

1. Балаларды қабылдау
2. Таңғы гимнастика.
3. Таңғы асқа дайындық, таңғы ас
4. ҮОҚ-іне дайындық.
5. Серуенге дайындық, серуендеу
6. Түскі асқа дайындық, түскі ас.
7. Балалардың ұйықтаудың ұйымдастыру.
8. Балаларды ұйқыдан ояту және шынықтыру процедурапарын ұйымдастыру.
9. Бесін асқа дайындық, Бесін ас.
- 10.2 серуенге дайындық, серуендеу.

11.Ұйге кету.

Тәрбиеші жұмыс күні 15 минут бұрын келіп топты 30 минут кварцтайды.

1. Процедура басталар алдында бөлме барлық тірі, оның ішінде бөлме өсімдіктерінен босатылады.
2. Кварцтеуге жауапты қызметкер шамды қосып, өндөлетін болмеден мүмкіндігінше тезірек кетеді.

Балабақшадағы кварцтау

Кварц процедурасы аяқталған соң топта **желдету жұмыстарын** ұйымдастырады. Жыл мезгіліне байланысты Санпинмен әзірленген желдету кестесі мынадай талаптарды қамтиды: қысқы уақытта үй-жайларды желдету балалар топта жок кезеңде жүргізуі тиіс; жазғы уақытта мектепке дейінгі мекеме балалар серуендеуде болған кезде желдетілуі тиіс (бөлмелерді және балалардың қатысуымен желдетуге рұқсат етіледі, бірақ тек қана өтпе жолдар болмаса).

Таңғы қабылдауды ұйымдастыру Тәрбиеші ата-аналарымен және балаларымен амандасып, көңілді қарсы алады. Балалар шешінгенше, тәрбиеші ата-аналармен сөйлесіп баласының денсаулығын, қалай ұйықтап шыққанын білуі қажет. Баланы ата-анасынан қабылдап аларда дene қызуын өлшеп, денесін тексереді. Балаларды қабылдау ауада, сондай-ақ үй-жайда жүргізуі мүмкін. Жаксы ауа райында балаларды жылдың кез келген уақытында таза ауада қабылдау керек. Балалардың сыртқы түріне назар аудару қажет. Егер бала ұялшақ, көңіл-күйі болмаса тәрбиеші онымен ойнайтын балаларға қосуға, ойыншықтарды таңдауға көмектесуге, баламен ойнауга немесе оған қандай да бір нақты тапсырма беруге көмектесуі тиіс. Тәрбиеші бір уақытта әр түрлі міндеттерді жүзеге асырады: балаларды қабылдайды, ата-аналармен сөйлеседі, ойын ұйымдастырады, таңертең жоспарланған жұмысты жүзеге асырады. Бір бірімен сөйлеуді дамыту бойынша жеке жұмыс жүргізеді, бірнеше балалармен дидактикалық ойындар ұйымдастырады.

Танцертенгілік гимнастикаға дайындық. Музыкалық сүйемелдеумен дene шынықтыру залындағы таңғы гимнастика.

Таңғы ас. 8.30 — 8.50

Балалар бірте-бірте шу тудырмай, үстелдерге отырады. Тәрбиеші балаларға отыруды ұсынады. Ас мәзірімен танысу. Оларға «жағымды тәбет» тілейді!» Тәрбиеші әрдайым балалардың үстел басында ыңғайлышты өткізу, касыкты дұрыс ұстаудың қадағалайды.. **Тамақтануды ұйымдастыру ережесі**

Тамактануды ұйымдастыру барысында гигиена және тамактану ережелері мәселелері шешіледі:

- тамақ алдында қолды жуу;
- ауызға аздаган бөліктермен тамақ салып, оны жақсы шайнау керек.
- ауыз бер қолды қағаз салфеткамен сұрту;
- тамақ аяқталғаннан кейін аузын шаю.

.Балаларға тамақтанып болған соң «рахмет» деп айту керек екенін еске салады.

Таңғы астан кейін күтуші кезекшінің көмегімен ыдыстарды үстелден алғып, бөлмені ретке келтіреді. Тәрбиеші кезекшілердің жұмысын бақылайды және оны бағалайды. Балаларға ойнауга баруды ұсынады. Балалар өз бетінше ойнаған кезде тәрбиеші **ҰІӘ-іне дайындалады**.

9.00- 9.55 ҰІӘ

Серуенге дайындық.

Тәрбиеші балаларға ойыншықтар жинауды ұсынады. Балаларға дәретханаға баруды және киіну тәртібін еске сала отырып, шешіну бөлмесіне баруды ұсынады. Бірінші кезекте баяу балаларға назар аударамыз, киімге назар аударады, түймелерді тағуға, аяқ киімдерін киоғе көмектеседі.

Серуендеуді бақылау.

Серуен

Тұскі ас. 12.25-13.05

Тұскі асқа дайындық.

Тәрбиеші балаларға тек қолды ғана емес, бетті, мойынды, шынтақты жуу кажет екенін еске салады. Жуыну тәртібін еске салады, балалардың әрекетін бақылайды, олардың ұқыптылығын көтермелейді. Бірте-бірте балалар жууды аяқтайды, тәрбиеші кейбіреулеріне асылған сұлғінің ұқыпсыздығын көрсетеді және олардың кателігін түзетеді.

Үстелді жабдықтау: кезекшілермен әңгімелесу; ас мәзірімен танысу, балаларға хабарлау; балалардың назарын үстелдерді эстетикалық безендіруге аудару.

Балалардың назарын тамаққа аудару; Тамақ мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережесі; қызметті бағалау.

Ұйқы. 13.05-15.15

Мектепке дейінгі мекемеде ересек топ балаларымен I- күннің жартысын өткізу дін үйымдастырылуы осылай,-деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

1. Серуен және серуенге дайындық жұмыстары дұрыс жүзеге асырылсын. Серуен талаптары орындалсын.
2. Балалардың ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту деңгейі ересек топ тәрбиешісі Д.Есееваның тыңдалымы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Балалардың дene шынықтыруда негізгі қимыл игеру деңгейі ортаңғы топ бағдарламада берілген талаптар орындалуда.ары қарай жетілдірілсін.
4. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ересек, мектепалды топтары.) О.Манакбаеваның тыңдалымы қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы

М.Т.Тореева
Н.Ескендирова



Хаттама № 5

Педагогикалық кеңес отырысы
10 сәуір 2024жыл

Тақырыбы: «Жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім».

Катысқандар: 25

Менгеруші: М.Т. Тореева

Әдіскер : К.Ж.Базарбекова

Төрайымы: М.Т. Тореева

Күн тәртібі:

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы.
2. «Жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалай қалыптастырамын» шыгармашылық есеп беру.
3. Шебер сынып: «Экологиялық көпір».

1 ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж.Базарбекова

Барлығызыга белгілі 15 ақпандағы № 4 педагогикалық кеңесте серуен және оған дайындық, күннің бірінші жартысындағы жұмыс және дене шынықтыру іс әрекеті туралы айтылған еді. Осы тақырыптар бойынша екі ай зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеу нәтижесі бойынша кіші топта дене шынықтыру жас ерекшелігінен ауытқып бара жатқаны белгілі болды. Тәрбиеші Д.Бердешова бағдарлама негізінде жұмыс жасалсын деп ескертілді. Басқа топтарда барлығы ез жолымен жүруде екені белгілі болды.

2 ТЫНДАЛДЫ: тәрбиеші Д.Бердешова

Мектеп жасына дейінгі балалар табиғатты қорғайық!

Ол туралы бір сәт те ұмытуға болмайды.

Әйткені, онда гүлдер, ормандар, өрістер мен өзендер бар.

Мұның бәрі біз үшін мәңгілік!

Әткендеңі барлық көрнекті ойшылдар мен мұғалімдер бала тәрбиелеу құралы ретінде табиғатқа үлкен мән берді: Я.А.Коменский табиғатта білімнің көзі, ақыл - ойы, сезімі мен ерік -жігерін дамытудың құралы ретінде көрді.

К.Д.Ушинский «балаларды табиғатқа жетелеуді» жақтады, олардың ақыл -оид мен сөздік дамуы үшін қолда бар және пайдалы нәрселер туралы хабардар ету үшін.

Мен балалармен екі бағытта жұмыс жасаймын:

Жабайы табиғат (флора, оның өсуі мен дамуына әр түрлі факторлардың әсері).

Жансыз табиғат (судың, ауаның, құмның, қардың қасиеттері мен сапасы).

Балаларды табиғатпен таныстыру, оған деген сүйіспеншілікті арттыру, балалардың практикалық жұмыс тәжірибесін қалыптастыру мақсатында мен ұйымдастырамын табиғат бұрышында жұмыс жасауонда балалар күнделікті күтім жасайтын бөлме өсімдіктері бар. Табиғат бұрышындағы еңбектің тәрбиелік маңызы зор. Балалар табиғатқа ұқыпты, ұқыпты қарайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды. Күтім барысында балалар өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігі, өсімдіктердің қалай өсіп -өнуі, олар үшін қандай жағдай жасау керек екендігі туралы түсінік алады, мен жасаған саусақ дидактикалық ойындары, табиғат күнтізбесі, онда балалар ауа райы мен тіршілік жағдайын үнемі жазып отырыңыз, оларға табиғатта көмектесіңіз.

Экологиялық білім беру міндеттерін жүзеге асырудың ең тиімді әдісі - ұйымдастыру жоба әрекеттер... Мен экологиялық жобаларды әзірледім және енгіздім: «Құн алақанда», Жансыз табиғат зертханасы ». Акциялар: «Құстарға қамқорлық жасаңыз!», «Шырша отыргызыңыз», «Белме өсімдіктерін отыргызыңыз».

Балаларға экологиялық тәрбие берудің ең тиімді және қызықты құралдарының бірі ойындар болып табылады. Экологиялық ойындар Мен, ең алдымен, білімді нақтылау, бекіту, жалпылау, жүйелеу мақсатында қолданамын... Ойын кезінде балалар заттар мен табиғат құбылыстары туралы білімді жақсы игереді, олар мен коршаған ортамен қарым -қатынас орнатуды үйренеді, тіршілік ортасын тіршілік ету ортасына бейімдеу тәсілдері туралы, жыл мезгілдерінің біртіндеп ауысуы, жанды және өлі табиғаттың өзгеруі туралы біледі. Мен табиғи материалдан ойындар ұйымдастырамын(құм, су, қар, жапырактар, жемістер), өте қызықты атрибуттары бар ойындар жедің бағытын анықтауға көмектеседі.

З ТЫНДАЛДЫ: тәрбиеші Л.Андакулова

Көршаган ортасың нашарлануына байланысты туындаған өзекті мәселелерді шешу педагогикалық тұргыдан қаастырғанда гана мүмкін екендігін ұғынудың нәтижесінде өскелен үрпақтың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға байланысты экологиялық тәрбие берудің алатын орны көптеген педагог-галымдардың ғылыми еңбектерінде педагогикалық тұргыдан негізделіп, оқу-тәрбие үрдісі арқылы шешімін табуда.

Бөбекжайда экологиялық мәдениеті қалыптастыру жұмысы ойын арқылы жүргізіледі. Мысалы: «Немен қоректенеді? » ойыны арқылы балалар жануарлардың немен коректенетінін біліп, оларды тамақтандыру кезінде қамқорлыққа үйренеді. «Теңіз зерттеушілері!» дидактикалық ойыны арқылы балалар теңізде де жәндіктер тіршілік ететінін біліп, оларға да қамқор болуды үйренеді. «Жәндіктер бақылаушылары!» дидактикалық ойыны арқылы балалар жәндіктердің түрлері және зиянкес жәндіктер болатынын танып, атауларын үйренеді. Сонымен қатар мен өз тәжірибемде балаларға экологиялық тәрбие беруде «Лэпбук» кітаптарын көптең қолданамын. Лэпбукты Америкада ойлап тапқан, қазақ тіліне аударғанда «Lap»сөзі «Тізе», «Book»сөзі «Кітап» деген сөз, ягни «Тізе кітабы» деген деген мағынаны білдіреді. Мен «Құстар», «Мамандықтар», «Жыл мезгілдері» және «Көктем» тақырыптарында лэпбук кітапшаларын жасадым.

Әріптерімнің алары мол болды деп ойлаймын.

ШЕШІМ:

1. Экологиялық білім беру міндеттерін жүзеге асырудың ең тиімді әдісі -тәсілдерін балалрга менгерктен тәрбиеші П.Каримкулова есебі және шебер сыныбы қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы

Г.Тореева
Ескендирова



Хаттама № 6

Педагогикалық кеңес отырысы
03 маусым 2024 жыл

Тақырыбы: «Жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім».

Катысқандар: 25

Менгеруші: М.Т. Тореева

Әдіскер: К.Ж. Базарбекова

Төрайымы: М.Т. Тореева

Күн тәртібі:

1. Балалардың бағдарламалық материалды менгеруі, әдіскер есебі.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту.
3. Техника қауіпсіздігі

І ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж. Базарбекова

2023-2024 оку жылында барлық топ түгел мемлекеттік қазақ тілінде жұмыс жүргізді. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне байланысты 14 топ жұмыс істеді. Оның ішінде кіші топ-3 ортаңғы топ-3, ересек топ-4, мектепалды даярлық топ-4. Жалпы бала саны-320.

Педагогикалық ұжым толық штаттағы 27 қызметкер болып жұмыс істеді. Атап кетсек: менгеруші, әдіскер, музика жетекшісі және 24 тәрбиеші. Оның ішінде жоғары білімді -19, арнаулы орта-8.

Жыл басында бекітілген оқыту және тәрбиелеу жылдық жоспар бойынша барлық іс-шаралар уақытылы және өз дәрежесінде жүргізілді, педагогикалық ұжым жоспарды толықтай орындалды.

Бастапқы мониторинг қорытындысы.

Физикалық касиеттерді дамыту

Жоғары: 52

Орташа: 28

Төмен: 20

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Жогары:48

Орташа:33

Төмен:19

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Жогары:46

Орташа:30

Төмен:24

Балалардың шыгармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Жогары:44

Орташа:30

Төмен:26

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Жогары:52

Орташа:26

Төмен:22

2 ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж.Базарбекова

Жаз маусымында балалардың бос уақытын үйимдастырудың негізгі мақсаты:
Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау;
Танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері:

Бала деңсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану/күн, ауа. су, құм, т.б./;

Шынықтыру шаралары арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу;

Спорттық ептілік пен дағдысын одан әрі дамыту, қимыл белсенділіктерін арттыру;

Жағымды көніл-күй мен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыр

Әдіскер Б.Ж.Садық жоспармен тәрбиешілерді таныстырып шықты.

Тәрбиешілер бір ауыздан құптады.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН тәрбиеші А.Юсупова

Жаз маусымында жасалатын іс – шаралармен келісемін. Балаларга қызық болары анық.

3 ТЫНДАЛДЫ: әдіскер К.Ж.Базарбекова

Балаларды әртүрлі дағдылар мен жұмыс әдістеріне, құрал-саймандарды қолдануга үйрете отырып, педагог олардың нақты және сауатты көрсетілуін қамтамасыз етуі керек. Топтық немесе ұжылымдық жұмыстарды орындау үшін балаларды біріктірмес бўрын, тәрбиеші әр баланың қажетті дағдыларды жеткілікті мәңгергеніне сенімді болуы тиіс. Құрал-саймандармен жұмыс істеу кезінде бір мезгілде жұмыс істейтін балалардың саны 4-5 адамнан аспауы тиіс. Елеулі күш жұмсауды қажет ететін еңбек

әрекетін ұйымдастырган кезде (жерді қазу, құмды тасымауда, бақша мен гүлзарларды суару, қыста участкені тазарту және т.б.) тәрбиеші балалардың жағдайын мұқият қадагалап, олардың шамадан тыс жұмыс істеп шаршауына, тоңуына жол бермеуі керек. Балада жиі тыныс алу, бет терісінің қызаруы, терлеу және шаршаудың басқа белгілері пайда болған жағдайда тәрбиеші оған демалуды, содан кейін қалыпты (тыныш) әрекетке ауысады ұсынады. Еңбек процесінің ұзактығын нақты реттеу керек, әсіресе бірсарынды жұмыстарды орындау кезінде (арамшёптер, жидектер жинау, орындықтарды сұрту, қол еңбегінің әртүрлі түрлері): оған бөлінген уақыт 30 минуттан аспауы тиіс. Сонымен қатар, әр 7-10 минут сайын әрекетті әзгерту немесе ұзіліс жасау қажет. Істық күндерде балабақшада және гүлзарларда балалардың еңбек әрекеті таңертен, таңғы асқа дейін және кешкі серуенде ұйымдастырылады. Тәрбиеші жұмыс барысында балалардың дene бітімінің сақталуына үнемі бақылау жасайды. Тәрбиеші балаларды мұқият жұмыс істеуге, аландамай және құралдарды сілтемей жұмыс істеуге үйретеді. Тәрбиеші барлық тесу және кесу құралдарын береді және балалардан қатаң түрде есептеп кабылдайды. Ересектердің еңбегімен таныстыру мақсатында әткізілетін экскурсияларды тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктері мен физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып мұқият дайындауы керек. Экскурсия қарсанында тәрбеші алдын-ала белгілісген маршрутты нақтылайды, жоспарланған объектіге барады және 11 балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды кабылдайды, әсіресе әртүрлі механизмдер мен ауылшаруашылық техникаларының жұмысын бақылау кезінде қауіпсіздік шараларына назар аударылады. Экскурсия кезіндегі мінез-құлық ережелері туралы балалармен әңгіме жүргізеді. Балалардың қасында 2 ересек адам еріп журуі керек. Тәрбиеші міндетті түрде балаларды еңбек әрекеті процесіндегі мінез-құлық ережелері таныстырады және олардың орындалуын жүйелі түрде бақылайды.

ШЕШІМ:

- 1.Балалардың багдарламалық материалды мемлекеттік, әдіскер есебі қанағаттанарлық.
- 2.Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспар бойынша жүргізілсін және техника қауіпсіздігі қатаң сақталсын.

Педагогикалық кеңес төраійымы
Хатыны

Г.Тореева
Ескендирова

